МҰРАТБАЕВ NEWS

30.01.2023|ДҮЙСЕНБІ БАСЫЛЫМ №9

Мектепішілік «Samgay» зияткерлік пәндік олимпиадасы

Гимназияның мектепішілік цифрлық трансформациялау тәжірибе алаңы қызметкерлері мен педагог ұйымдастырушылары оқу-тәрбие жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 18-19 қаңтар күндері дарынды балаларға арналған мектепішілік «Samgay» зияткерлік пәндік олимпиадасының бастауыш сынып оқушыларына арналған I кезеңін өткізді.

«Debattle» алаңы

«Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялау» жобасы аясында гимназиямыздың сайтында «Debattle» алаңы құрылды.

«Debattle» алаңының шартына сәйкес, Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Avis» дебат клубымен Мойынқұм ауданы, Қылышбай ауылындағы Ә.Төлепбергенов орта мектебінің «Болашақ» дебат клубы арасында «Мектептегі жалпы білім беру жүйесіне бизнесс-жоспар пәнін енгізу ақтала ма?» тақырыбында пікір талас жүргізілді. «Avis» дебат клубымен мектепшілік цифрлық трансформациялау тәжірибе алаңы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өткен осы және басқа да кездесулерімізді www.gmonline.kz сайтынан тамашалай аласыздар.

"GM CUP 2023"

Кәсіптік бағдар беру

«Төтенше жағдай кезінде оқушыларды психологиялық сүйемелдеу» және кәсіптік бағдар беру мақсатында Байзақ аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерімен кездесу іс-шарасы өтті.

Кездесу барысында Байзақ ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі инженері азаматтық қорғау капитаны Әбдірәимов Ержан Тұрсынұлы және академиянын 3-4 курс курсанттары төтенше жағдай орын алған сәтте оқушылар арасындағы ұйымшылдықтың маңызы, патриоттық рухтың алатын орны туралы сезімдерін жеткізді. Кәсіптік бағдар беру мақсатында 10-11 сынып оқушыларын М.Ғабдуллин атындағы "Азаматтық қорғау академиясын" насихаттап, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Оқуға құштар мектеп» рубрикасы

Мен туғанда, әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп ескіше сауатын ашып алыпты. Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеп шығара беруші еді. Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе, зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күнінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. Мұнда ол соққан сақина-білезікті салып жүрген көзі тірі кемпірлер бар. Ал, ол кемпірлер бір кезде уылжыған жас еді ғой. Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақынжыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді. Момыш әкем ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде, Имаш бабам шаруа билігін соның қолына беріпті. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адуынды Қызтумас әжемнің өзі де: - Момыштан сұраңдар, Момыш біледі, - деп отырады екен. Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас-той, дау-дамай - бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Әлдеқалай ол жол жүріп кетсе, сапардан қайтып келгенше тірлікті соған қаратып, жолын күтіп отыратын болған. Имаш бабамның көзінің тірісінің өзінде біздің шағын ауылды - Момыш ауылы дейді екен.

Б.Момышұлы «Ұшқан ұя»